кезеңдеріне дейін Бағдат қаласында барынша бастау алып дамығанын көреміз. Бұл мемлекеттік қолдаудың нақты айтқанда, Аббас әулетінің ғылымға барынша көңіл аударуымен байланысты. Ғылымның мемлекет тарапынан қаржыландырылуы – грек, парсы, үнді еңбектерін араб тіліне көптеп аударуға себеп болды. Бұл жағдай география, астрономия, медицина, картография қатарлы ғылым салаларының дамуына әкелді. Соның арқасында қалалық өркениет яғни сауда, мәдениет, білім орталықтары қалыптасып түрлі аймақтан келген білімпаздар Бағдат қаласында шоғырланып, ғылыми жұмыспен айналысты. Ал Бағдаттың 1000 жылдықтан соң біртіндеп, ғылыми әлеуетінің азаюы көптеген себептерге байланысты. Соның ішінде Аббас әулетінің билігінің әлсіреуі, саяси тұрақсыздық пен аймақтардың бөлшектенуіне бастап, орталықтанған басқарудың төмендеуіне жетелеген саяси факторлар мен бірге сауда жолдары өзгерісі, қалалардың маңызының төмендеуі сынды экономикалық себептің де ықпалы болды. Оған рационал ғылымдарға қызығушылықтың азайып, діни мектептерде (медреселерде) теологияның басым орынға өтуі де интеллектуалдық өзгерістерге бастады. Алайда бұл өзгерістер біртіндеп, уақыт озған сайын айқындала бастады. Соңында Хулагу хан әскерінің 1258 жылы қаланы жаулап алуы кітапханалар, соның ішінде Байт әл-Хикма секілді ғылым ордаларының күйреуіне әкелді.

Бағдат өркениетімен ілесе, бой көтерген ғылым ордасы Парсы және шығыс аймақтар болды. Оған ілесе, әсіресе Бағдаттың күйреуінен соңғы кезеңде өркениет аймағы – мұсылман әлемінің батысы – Мағриб өлкесіне ауысты. Мағриб – Африканың Солтүстік-Батыс бөлігіндегі араб-мұсылман өркениетінің маңызды орталықтарының бірі саналатын тарихи-географиялық аймақ. Егер қазіргі әкімшілік бөлініспен қарастыратын болсақ, Марокко, Алжир, Тунис, Ливия және Мавритания мемлекеттерін қамтиды. Тіпті, Андалусияныда осы аймаққа жатқызады. Өйткені бұл термин – мұсылман әлемінің батыс аймағының жалпы атауы саналады. Осы Андалусия арқылы мұсылман өркениеті, ғылымы мен техникалық жетістіктері Батыс Еуропа елдеріне қанат жая бастады. Бұл өркениет сабақтастығының ішінде Йемен аймағы да бар. Ол басты ошақ саналмаса да, өзіндік мәдени және рухани қолтаңбасымен құнды. Йемен – Араб түбегінің оңтүстігінде, батысында Қызыл теңіз, оңтүстігінде Аден шығанағымен оралып жатқан, тарихы бай, табиғаты құнарлы аймақ. Сондықтан Йемен

жері Орта ғасырларда сауда мен мәдениет орталығының бірі ретінде дамыды. Бұл ғылым мен білім, техникалық өркениет қай жерге жетсе сол жерде экономикалық, саяси және мәдени құндылықтардың өркен жаятынын көрсетеді.

Ислам өркениетінің «Алтын дәуірі» аталған осы кезеңдерде араб-мұсылман ғалымдары өз жерінен тыс, Кавказ өңірі мен Орталық Азия даласына ерекше назар аударды. Бұл аймақтар стратегиялық орналасуымен, этникалық және мәдени алуандылығымен, сондай-ақ Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды тораптарымен айрықша қызығушылық тудырды. Осындай мақсат аясында көптеген ғалымдар біздің аймақтарға арналған зерттеу еңбектерін жазып қалдырды. Солардың ішіндегі зерделі саяхатшылардың көрнекті өкілдерінің бірі – Абул-Қасым Мұхаммед ибн Хаукал әл-Нисиби болды. Ол ғылым тарихында Ибн Хаукал деген есіммен кеңінен танылған ғалым әрі жаһангез еді.

Ибн Хаукалдың нақты туған жылы белгісіз, алайда зерттеушілер (Гизбулаев, 2022; De Goeje, 2019; және т.б.) оны шамамен X ғасырдың алғашқы ширегінде, яғни 920 жылдар шамасында дүниеге келіп, шамамен 978 жылдан кейін қайтыс болған деп есептейді. Себебі ғалымның қаламынан туған соңғы еңбектер осы жылдан кейін кездеспейді. Туған жері – Парсы елінің Истахр қаласы (қазіргі Иранның оңтүстігіндегі Фарс провинциясында). Оның «әл-Истахри» деген есімі осы қаланың атына байланысты берілген. Шамамен 951–957 жылдар аралығында өмірден озған деген аңыз бар. Нақты айтқанда Хижра жыл санауы бойынша 346 жыл, бұл біздің заманымыздың 957 жылына сәйкес келеді (Bosworth, Clifford Edmund, 1989). Ол да өмірінің көп бөлігін саяхатпен өткізіп, ислам әлемінің картасын жасауға арнаған деседі. Анығы Әбу Ысқақ әл-Истахридің жасы да, білім-тәжірибесі де Ибн Хаукалдан үлкен болған. Сондықтан ол екеуі арасындағы қарым-қатынасты біз өз тарапымыздан «ұстаз-шәкірт» немесе «жақсы достық» қарым-қатынас деп бағалай аламыз.

Ғалымның жастық шағы Нисибин, Мосул және Бағдат сияқты сол дәуірдің ірі мәдени әрі сауда орталықтарында өтті. Бұл кезеңде ол сауда-саттықпен айналысып, әртүрлі елдерден келген саудагерлермен, керуен басшыларымен тығыз қарым-қатыната болды. Осындай ортада жүріп, саяхатшылардың әңгімелерін тындап, география мен елтануға қатысты жазба деректерді зерделей жүріп, алыс аймақтар мен мемлекеттер туралы мол мағлұматқа ие болды (Великий

путешественник..., 2024; De Goeje, 2019; және т.б.). Алғашқы сапарларының бірінен Бағдатқа оралған ол ойламаған жерден 951 жылы ортағасырлық араб картографиясы мен географиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі – Ибрахим бин Мұхаммед әл-Истахримен кездеседі (Гизбулаев, 2022). Бұл кездесу оның өмірінің ғылыми бағытқа бұрылуына зор серпін берді. Әл-Истахримен танысып, бірлесе жұмыс істеуі Ибн Хаукалдың ғылым жолындағы шұғылалы кезеңінің басталуы болды. Сондықтан Ибн Хаукалдың еңбектерінде тек қана бір ғалымның емес, бірнеше буын ғалымдар еңбегінің жиынтығы сақталған деп айтуға болады.

Ибн Хаукалдың географиялық-картографиялық мұрасы мазмұны мен қамту ауқымы жағынан аса бай болып табылады. Оның еңбектерінің ішінде қазіргі Қазақстан аумағына тікелей қатысты деректер ерекше орын алады. Атап айтқанда, ғалымның Каспий теңізі маңы мен Еділ өзені бойына жасаған сапарлары барысында қалдырған жазбалары мен карталары құнды тарихи дереккөз ретінде бағаланады. Бұл еңбектерде бүгінгі Орталық Азияның бірқатар өңірлері мен қалалары, сондай-ақ сол кезеңдегі Русь жерінің Еділ бойындағы бұлғарлармен, хазарлармен және басқа да халықтармен саяси, экономикалық және мәдени байланыстары жөнінде маңызды мәліметтер кездеседі. Саяхатшы, географ, зерттеуші әрі тарихшы ретінде ислам географиясының дамуына елеулі үлес қосқан Ибн Хаукалдың еңбектері ортағасырлық Еуразия кеңістігінің географиялық, этникалық және экономикалық тарихын зерттеуде бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді. Ибн Хаукал болды 966 жылы өзінің ең танымал еңбегі «Сурат әл-Ард» («Жердің бейнесі» немесе «Жердің суреті») атты кітабын жазып аяқтады. Ал 977 жылы бұл еңбекті толықтырып, кеңейтілген нұсқасын, яғни екінші бөлімін жариялады. Аталған шығарма автордың өз көзімен көріп, тікелей бақылау арқылы жинақтаған деректеріне, сондай-ақ отыз жылға жуық уақытқа созылған саяхаттарының нәтижесінде түзілген сапар жазбаларына негізделді. Осы тұрғыдан алғанда, «Сурат әл-ард» тек теориялық географиялық еңбек қана емес, эмпирикалық байқауларға сүйенген ғылыми зерттеу ретінде құнды деп бағалауға болады.


Құрылымдық жағынан алғанда, екі негізгі бөлімнен тұратын бұл еңбек мазмұны мен қамту ауқымы жағынан мұсылман елдері туралы энциклопедиялық сипаттағы іргелі туындыға айналды. Оның бірінші бөлімі ислам әлемінің батыс аймағын жүйелі түрде сипаттауға арналған. Атап айтқанда, мұнда Араб түбегі, Парсы шығанағы аймағы, Солтүстік Африка өңірі және Иберия түбегіндегі мұсылман елдері кеңінен қарастырылады. Әрбір аймаққа сол өңірдің табиғи-географиялық ерекшеліктерін, саяси-әкімшілік құрылымын, экономикалық әлеуетін және мәдени болмысын ашып көрсететін егжей-тегжейлі сипаттамалармен қатар, арнайы әзірленген карталар қоса берілген. Бұл ерекшелік еңбектің ғылыми құндылығын арттырып, оны ортағасырлық ислам географиясының ең кемел туындыларының қатарына қосты.

Еңбектің екінші бөлімі ислам әлемінің шығыс бөлігіндегі мұсылман елдерін жүйелі түрде сипаттауға арналған. Атап айтқанда, онда Иран, Әзірбайжан, Хорасан, Каспий маңы және Батыс Түркістан өңірі жан-жақты қарастырылады. Автор бұл аймақтардың табиғи-географиялық ерекшеліктерін, саяси-әкімшілік құрылымын және экономикалық әлеуетін ғана емес, сонымен қатар олардың этникалық құрамын, тарихи дамуын және аймақаралық байланыстарын да кеңінен қамтып қарастырған. Мәселен, оғыздар, қарлұқтар, кимақтар, қырғыздар, тоғыз-оғыздар мен хазарлар туралы құнды тарихи-этнографиялық мәліметтер берілген. Олардың қоныстанған аумақтары, көші-қон бағыттары, сондай-ақ Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтары мен өзге де халықаралық сауда жолдары егжей-тегжейлі көрсетіледі. Сонымен бірге, Исфиджаб, Тараз, Сауран, Суткент, Фараб, Кедер, Шаухар сияқты маңызды қалаларға, сондай-ақ Каспий мен Арал теңіздеріне, Итиль (Еділ) мен Сырдария өзендеріне қатысты нақты географиялық сипаттамалар ұсынылады. Бұл деректер Орталық Азия мен оған іргелес аймақтардың ортағасырлық географиясын зерттеуде аса маңызды болып табылады.

Ибн Хаукалдың бұл мақалада қарастырылып отырған еңбегі Нидерланд Корольдігінің Лейден қаласында 1873 жылы жарық көрген. Осы кітаптың мұқабасы мен оның авторы туралы жазба төмендегі суретте (сурет-1) бейнеленген.

### 1-сурет

Ибн Хаукалдың жетекші авторлығында жарық көрген «Жолдар мен патшалықтар кітабы» (De Goeje, 2019)



والممالك المسالك كتاب  
تأليف  
حوقل ابن القاسم ابي  
الله رحمه  
طبع  
المحروسة ليدن مدينة في  
بريل بمطبع  
المسيحية سنة 1873

**«Жолдар мен патшалықтар кітабы»**

**Автор:** Әбу Қасым Ибн Хаукал

(Алла оған рақымын берсін).

**Басылым:** Лейден қаласы, Брилл баспасы, 1873 жыл  
(христиандар жыл санауы бойынша).

Кітаптың осы қалада жарық көруінің өзіндік себебі бар. Бұл қалада Еуропаның ең көне әрі жетекші ғылыми орталықтарының бірі – Лейден университеті (1575 ж. құрылған) орналасқан. Университетте шығыстану, арабтану, исламтану салалары сонау ерте дәуірден дамығандықтан әлемдік деңгейде Шығыс қолжазбаларының араб, парсы, түрік тілдеріндегі сирек қорлары жинақталған. Осы себепті Лейден ХІХ–ХХ ғасырларда еуропалық шығыстану ғылымының ірі орталығына айналды. Жоғарыда атап өткен И.Ю. Крачковский бастаған көптеген арабтанушы ғалымдар Лейден кітапханасы мен архивінде тұрақты түрде жұмыс істеген. Бұны айтып отырғанымыз – біздің отандық зерттеушілер үшін арнайы құлақтандыру сипатындағы ақпарат беру болып саналады.

Ибн Хаукал мұрасының көпқырлылығы мен оның ортағасырлық картаграфиядағы күрделі рөлі бір ғылыми мақала шеңберінде толық қамтылуына мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, біз автордың «Жолдар мен патшалықтар» еңбегіндегі барлық деректерді талдауды мақсат етпей, тек Орталық Азия аймағының кеңістіктік құрылымын сипаттайтын жекелеген аспектілермен шектелеміз. Бұл тәсіл өңірлік тарихи географияның өзекті мәселелерін нақтырақ зерделеуге

мүмкіндік береді. Мысалы оның дүниежүзі картасына назар салайық (сурет-2). Дүниежүзілік карта (солтүстік төменде, ал оңтүстік жоғарыда орналасқан).


Картаны жақсы түсінуі үшін оның ағылшын тіліндегі нұсқасында қоса беріп отырмыз. Ағылшын тіліндегі нұсқасы негізінде араб тіліндегі картадағы жер атауларын салыстыра тауып алуға болады. Мәселен, араб тіліндегі қызыл мен сары мен боялған тұстарын ағылшын тіліндегі нұсқаға қарап, олардың «Тоғыз оғыз» және «Хузестан» деген елді-мекендер екенін түсінеміз. Осындағы Хузестан жері бүгінгі таңда Иранның оңтүстік-батыс аймағының экономикасының «локомотиві» болып табылатын маңызды өңірі. Онда мұнай, газ өндіру, өңдеу, химия, металлургия, азық-түлік, тоқыма, былғары, кеме жасау, энергетика, көлік, сауда, ауыл шаруашылығының сан түрі өркендеген. Демек тарихта суы мол, жері құнарлы болған аймақ. Сол үшін де картадан орын алып отыр. Бұл картадан өзімізге таныс біраз аймақтарды көруге болады. Мәселен, Мауераннахр, Хорасан, Қарлұқ, Қырғыз, Қимақ және тағы басқа да ежелгі түрік мемлекеттерінің қоныстары. Сондай-ақ Русь жерінде анық көруге болады. Оның айналасында Бұл-

ғар, Печенек, Хазар және Буртас елдерін көреміз. Осының ішінде Русьқа ең жақын тұрғаны – Буртас елі. Бұл ел туралы ортағасырлық

араб тарихшылары мен саяхатшыларының еңбектері бар. Сол негізде бұл халық туралы нақты мәліметке ие бола аламыз.

**2-сурет**

Дүниежүзілік карта (өуелгі араб тіліндегі нұсқа) (De Goeje, 2019)



Ибн Хаукалдың ғылым жолына түсуіне әсер еткен Әбу Ысқақ әл-Истахри (IX–X ғ.) «Балхи мектебінің» негізін қалаушылардың бірі болатын<sup>1</sup>. Әбу Ысқақ әл-Истахридің басты еңбегі «Китаб әл-Мәсәлик уә-л-Мәмәлик» («Жолдар мен Патшалықтар кітабы») болып табылады. Кітаптың басты картографиялық құндылығы – 21 картадан тұратын жиынтық. Оның ішінде бір әлем картасы қамтылған. И.Ю. Крачковский (1883–1951) «Арабская географическая литература» атты еңбегінде Ибн Хаукалдан мынадай сөздерді келтіреді: «Әбу Исхак әл-Фариси (Истахри) Үндістан картасын сызғанда қате жіберді, бірақ Парсы картасын керемет салды. Мен бұған дейін Әзірбайжан картасын бейнелегенмін, ол бұл картаны мақұлдады және әл-Джазираны да жақсы деп бағалады. Бірақ ол бейнелеген Египет дұрыс емес болып шықты, оның үстіне Мағриб карталарында да қателік көп болды. Ол менен кітаптағы қателескен жерлерін түзетуімді сұрады, мен оның авторлығындағы бірнеше жұмысын түзеттім, бірақ содан кейін бұл кітапты бөлек құрастыруды, оны қайта қарап, карталарды қосып, толықтырып тисті түсіндірме жазуды ұйғардым» (Крачковский, 2004). Осы

сөздерден Ибн Хаукалдың Әбу Ысқақ әл-Истахри карталарын реттеп, толықтырғанын түсінуге болады.

Осы тұста мына бір маңызды ғылыми мәселеге тоқталып өткен орынды деп білеміз. Ол – әртүрлі кезеңдерде өмір сүрген екі ғалым еңбектерінің атауының бірдей болып келуі, яғни олардың Китаб әл-Мәсәлик уә-л-Мәмәлик деген ортақ атаумен белгілі болуы. Сонда «олар бір тақырыпты (мазмұны жағынан бірдей) еңбектер жазды ма, әлде кейінгісі алдыңғысының еңбегін пайдаланып кеткен бе?» деген күмәнді сұрақ туындауы мүмкін. Алайда бұл құбылысты жеке-леген авторлық ұқсастық немесе плагиат тұрғысынан емес, сол заманға тән ғылыми-теориялық және әдіснамалық дәстүрлер аясында қарастырған жөн. Нақтырақ айтқанда, сол дәуірдегі ғылыми ортада «Китаб әл-Мәсәлик уә-л-Мәмәлик» атауы белгілі бір жеке еңбектің ғана емес, тұтас бір ғылыми бағыттың, зерттеу саласының ортақ атауы ретінде орныққан атау. Басқаша айтқанда, бұл атау ортағасырлық ислам ғылым жүйесіндегі география-елтану жанрын білдірді. Түсінікті болу үшін қазіргі ғылыми көзқараспен салыстыра қарасақ, «Китаб әл-Мәсәлик уә-л-Мәмәлик» атауы «Дүниежүзі географиясы», «Елтану» немесе «Географиялық атлас» секілді стандартталған жанрлық сипаттағы атаулармен мәнделес. Аталмыш ғылыми дәстүр аясында Ибн

<sup>1</sup> Балхи мектебі – X ғасырда ислам картографиясында төңкеріс жасаған, география ғылымының ерекше бағытын қалыптастырған мектеп. – авт.

Хордадбек, әл-Балхи, әл-Истахри және Ибн Хаукал секілді көрнекті ғалымдар өз еңбектерін дәл осы атаумен немесе осы бағытта жазған. Олардың әрқайсысы бір ғылыми парадигмаға сүйене отырып, өз дәуірінің саяси, экономикалық және географиялық болмысын сипаттауға ұмтылған болатын.

Қорыта айтқанда, «Китаб әл-Мәсәлик уә-л-Мәмәлик» жанры – ортағасырлық ислам әлеміндегі мемлекеттік басқару жүйесі мен халықаралық сауда қатынастарының практикалық қажеттіліктерінен туындаған, жол қатынасы, әкімшілік бөлініс, сауда бағыттары мен елдердің сипаттамасын қамтыған ғылыми-анықтамалық сала болды. Бұл еңбектер сол дәуірдегі билік өкілдері мен саудагерлер үшін ғана емес, кейінгі ұрпақ зерттеушілері үшін де аса құнды дереккөз қызметін атқарып келеді.

Тарихи деректерде және Ибн Хаукалдың географиялық сипаттамаларында Итил деп аталатын өзен ол – Еділ (Волга) өзенінің ортағасырлық атауы. Картада ол Каспий теңізіне солтүстіктен құятын негізгі су жолы ретінде көрсетілген. Сонымен бірге оның еңбегінде Итил – Хазар қағанатының астанасы болған ірі қала екені айтылады. Өзен екі бөліктен тұрған: батыс бөлігі (патша сарайы орналасқан) «Итил» деп, ал шығыс бөлігі «Хазаран» деп аталған. Қазіргі таңда бұл – Ресейдің Астрахань облысының аумағы. Біздің ойымызша, Итил аталуында орыс тілінің әсері болуы мүмкін. Өйткені сөздің оқылуы біздің тіліміздің үндестік ерекшелігіне сай келмейді. Ол әсілінде «Еділ» деген таза түркілік топонимнен шыққан сөз болуы мүмкін. Ол туралы Ә. Қоңыратбаев, Т. Жанұзақовтардың пікірінше, «Еділ» сөзінің түбірі көне түркі тіліндегі «еділ/етел/ітіл» формаларынан бастау алған, ал мағынасы көне түркі тіліндегі «үлкен өзен» не-

месе «кең жайылған су» деген ұғымды білдірген. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде бұл өзен «Етіл» деп көрсетілген. Қашқари оны «қыпшақ даласындағы өзен» деп сипаттаған.

Ибн Хаукал, Русьтар хазарлар және Руммен (Византия) үнемі сауда жасап отырған. Ал ішкі бұлғарлар саналатын христиандар мен мұсылмандар дәл осы біздің заманымызда Русь халқының (кесірінен) бұлғарлардан да, бұртастардан да, хазарлардан да ештеңе қалмады, тек олардың бытырап кеткен азғантай бөлігі ғана қалды, русь халқы тіпті олардың соңынан қуғын салды. Қашқандардың мақсаты мен үміті өз аймақтарына жақын маңда қалу болды. Маған жеткен мәлімет бойынша, олардың көпшілігі Ширваншах әміршісі Мұхаммед ибн Ахмад әл-Азидің (981–991 жылдары билік құрған) қолдауымен Итил мен Хазаранға оралды. Ол оларға (босқындарға) өз жауынгерлерімен және адамдарымен көмектесті, ал олар өздеріне тұруға берілетін жер телімі үшін бағынышты болуға келісіп, шарт жасасуды өтінді. Бұл мәтінен X ғасырдың соңында рустардың шапқыншылығынан кейін қаланың қатты қирап, халқының тоз-тоз болып кеткенін түсінеміз. Соның салдарынан археологтар оның нақты орнын ұзақ уақыт іздеп, соңғы жылдары Астрахань маңындағы «Самосделка» қалашығын Итильдің қалдығы болуы мүмкін» деп болжап отыр.

Ибн Хаукалдың бұл мәліметі, Зар заман ақындарының бірі де бір егейі саналатын Мұрат Мөңкеұлы «Еділді тартып алғаны, етекке қолды салғаны» деп төгілетін «Үш қиян» жырының басы олар өмір сүрген XIX ғасырда емес, X ғасырдан басталып кеткенін айқындайды. Ал енді Ибн Хаукалдың Каспий теңізіне байланысты зерттеулерін қарастырып көрейік:

میرغو مزاراوخو ناجرچ نیبی تلا قزاقملا ضعبو ناجرچو ناتسربطو ملیدلا ضعبو میقرشد نأف رزخلا رحب اماو رزخلا رحب  
 لکاذی نادامو ملیدلاو لیجلا میبونجو میوک مایس قیحانب قیزغلا قزاقم میلامشو قیزغلا قزاقم ضعبو رزخلا دلابو ریرسلا دودحو نارلا  
 سورلا رهند نم میلا لخدید اما لا طلاتخلااو قداملا بئش لء ضرلا ماجو لء ی تلا راحبلا نم عی شبل لاصتا له سید رحبلا اذهو  
 طیحمل رحبلا ی لا تخینیطسقا ضرا نم جراخلا ی لا نم ی ضفت قیعبشبل ل صتم و هو ل تاپ فور عملما

Араб тіліндегі қолжазбаның аудармасы былай: Хазар теңізіне келсек, ол шығыс жағынан Дайламның кейбір жерлері мен Табаристан, Журжан мен Хорезмнің арасындағы өзге де аймақтармен шектеседі. Батыс жағынан Ран, Серир шекаралары және Хазар елі және ғұздардың (оғыздардың) шекаралас жерлерінің бір бөлігі-


мен шектеседі. Солтүстігінде түріктердың даласымен жалғасады. Ал оңтүстігінде ал Казвин аймағы – Әзірбайжан мен Дайлам жағындағы соған жақын жерлер шекараласады. Бұл теңіз осылайша толық қоршалған, әрі бетіндегі басқа теңіздердің ешқайсысымен байланыспайды. Ол тұйық теңіз болып табылады, толысу мен қай-

ту (тасу-қайту) құбылысы жоқ. Оған тек Итиль (Еділ) деп аталатын өзен құяды. Ол Константинополь жерінен сыртқа шығатын тармақ арқылы Мұхит теңізіне шығатын жолмен (Жерорта теңізіне) баратын су жолымен жалғасқан. Егер

бір адам осы теңізді айналып шыққысы келсе, ол өзендер мен бөгеттерге, өткелдерге тап болады да соңында әу бастағы жеріне қайта оралар еді. Бұл теңіз тұзды теңіз болып саналады (сурет-3).

### 3-сурет

Хазар теңізінің картасы (De Goeje, 2019)



Ал енді Хазар теңізі туралы Ибн Хаукалдың жазбасынан үзінді келтірейік (4-сурет): «...Онда (Хазар теңізінде) Құлзым (Қызыл) теңізі мен басқа теңіздердегідей толысу да, қайту да болмайды. Оның түбі қараңғы, өйткені түбі лайлы әрі батпақты болып келеді. Парсы теңізінің түбі ақ тасты болғандықтан суы мөлдір келеді, ал бұл теңізде (Хазарда) олай емес. Бұл теңізден балықтан басқа ештеңе шықпайды. Ол мұсылман жерлерінен Хазар еліне қарай созылып жатыр және ол Ран, әл-Джил (Гилян), Табаристан және Джурджан аралығында орналасқан. Онда (теңізде) басқа теңіздердегідей адамдар тұратын аралдар жоқ. Тек біреуі ғана бар, ол – Сиях-Кух (Қаратау) аралы. Ол жерде тұщы су, ағаштар мен аңқұстар бар. Онда ислам дәуірінде ешкім қоныстанбаған еді. Оған жақын жерде Баб әл-Абуабқа (Дербент) тиесілі тағы бір арал бар, ол жерде марена (боюу тамыры) өседі. Оны Бердаа маңынан

келген адамдар жинап алып кетеді. Абаскуннан Хазар жағына қарай оң жақ жағалаумен жүргенде, елу фарсах жердегі Дехистан деп аталатын жерден басқа ешбір ауыл не қала кездеспейді. Бұл жерде кемелер дауыл кезінде паналайтын ыңғайлы айлақ бар. Ол жерде аңшылықпен айналысатын көптеген адамдар тұрады. Мен ол жерде Сиях-Кухтан келген оғыз (түркі) тайпаларынан басқа ешкім тұрақты тұрмайтынын білемін. Олар өз араларындағы жанжалдан кейін бөлініп шығып, осы жерді мекен еткен. Онда жайылымдар мен тұщы су көздері бар. Егер Абаскуннан сол жақ жағалаумен Хазарға қарай жүрсең, Баб әл-Абуаб пен Хазар арасындағы шағын аймақтардан басқа ешбір елді мекен жоқ. Абаскуннан шыққанда Джурджан, Табаристан, Дайлам және әл-Джил шекараларымен өтіп, Ран шекарасына кіресің. Одан әрі Мукан арқылы Баб әл-Абуабқа жетесің...» (De Goeje, 2019).

## 4-сурет

Хазар теңізі туралы Ибн Хаукалдың жазбасынан үзінді (De Goeje, 2019)

۲۷۷

ولا مد له ولا جزر مظلم قعره بخلاف بحر القلزم وغيره لان قعره طين آجن  
 آسنه وبحر فارس يتبين في \*كثير من بقاعه ارضه لصفو ما تحته من  
 الحجارة البيض ولا يرتفع من هذا البحر شيء سوى السموك وبركب فيه  
 للتجارة من اراضى المسلمين الى ارض الخزر وهو فيما بين الران والكيل  
 وطبرستان وجرجان، وليس فيه جزيرة مسكونة فيها عمارة كما في غيره جزائر  
 فيها سكان ومياه ومدن وألدى فيه من الجزائر فيها اشجار ومياه ولم يسكنها  
 في الاسلام احد منها جزيرة سياه كويه<sup>د</sup> وهى كبيرة بها عيون وانهار واشجار  
 وغياض ودواب وحش<sup>ه</sup>، واليهما جزيرة حدو الكر \*تعرف بجزيرة الباب وهى  
 كبيرة ايضاً فيها غياض واشجار ومياه ويرتفع منها القوة ويخرج اليها من  
 نواحي بردعة منتجع القوة وطالبوها ويحمل اليها دواب من نواحي بردعة<sup>10</sup>  
 وسائر المواضع القريبة اليها فتسرح فيها لتسمن<sup>هـ</sup>

ومن آبسكون الى الخزر عن اليمين على شط البحر لا قرية ولا مدينة  
 سوى موضع من آبسكون على خمسين فرسخاً يسمى دهستان كالقرية فيها  
 قوم قلّة وثى ماتهم غور وماء البحر بهذه الناحية قصير القعر وهى دخلة فى  
 البحر فيرسون فيها السفن فى هيجان البحر ويقصد هذا البحر<sup>15</sup> خلف  
 عظيم من النواحي فيقيمون به للصيد ولا اعلم غيره مكاناً يقيم به احد الا  
 سياه كويه فانه تقيم به طائفة من الاتراك وهم قريبو العهد بالمقام به لاختلاف  
 وقع بين الغزاة وبينهم فانقطعوا عنهم واتخذوه داراً ومأوى وفيه مرعى ولهم  
 عيون وهذا المكان عن يمين هذا البحر من آبسكون<sup>16</sup> ومن آبسكون  
 على اليسار الى الخزر عمارة متصلة الا شيئاً يسيراً بين باب الابواب والخزر<sup>20</sup>  
 وذلك انك اذا اخذت من آبسكون على حدود جرجان وطبرستان والديلم  
 والكيل تدخل فى حدود الران واذا جرت موقان الى ناحية باب الابواب  
 على مسيرة يومين من بلاد شروان شاه وعمله ثم الى ناحية سمندر اربعة

سياه كويه P. ut vulgo. التجار. P. et I. اكثر. P. أسف. L. \*  
 Cum nostro facit Edrisi. وحسن. L. \* Ex P. addidi. Nomen autem  
 exstat in mappis. Cf. supra p. ۲۴۹, 8, ubi videtur legendum (vid. ann. ۵) جزيرة  
 وجزيرة I. الموضع. I. \* L. اذ; vid. ad I., p. ۲۱۹. Conjectura  
 supplevi.

Осы ғылыми жазбадағы негізгі географиялық атауларға түсініктеме берер болсақ: Ран (Ar-Ran) – Қазіргі Әзірбайжан аумағындағы тарихи Арран аймағы; Әл-Джил (Al-Jil) – Қазіргі Иранның Гилян провинциясы; Табаристан (Tabaristan) – қазіргі Иранның Мазандаран провинциясы; Джурджан (Jurjan) – Каспийдің оңтүстік-шығысындағы тарихи аймақ, қазіргі Иранның Горган қаласы маңы; Абаскун (Abaskun) – Орта ғасырлардағы Каспийдің оңтүстік жағалауындағы ең ірі портты қала (қазір су астында қалған деп есептеледі); Сиях-Кух (Siyah-Kuh) – Парсы тілінен аударғанда «Қара тау», қазіргі Маң-

ғыстау түбегімен немесе соған жақын аралдар болуы мүмкін; Баб әл-Абуаб – қазіргі Дағыстандағы Дербент қаласы. Осы географиялық аймақтардың немесе қалалардың қазіргі атауымен салыстыратын болсақ, Каспий теңізінің шекарасын батысындағы Дербент қаласынан бастап, оңтүстікке қарай Әзірбайжанның тарихи Арран аймағы (Кура өзенінің орта ағысы мен Аракс өзенінің орта және төменгі ағысының солтүстігіндегі жазық алқап). Бүгінгі күнде Гянджа, Мингечивир және Барда қалалары қоршаған және олардың айналасындағы аумақтан оңтүстіктегі Иранның Гилян, Мазандаран және

Горган қалаларымен қоршалған Каспий теңізінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлімін және одан шығысқа қарай Қазақстанның Маңғыстау түбегіне дейінгі тұтас Каспий теңізінің аумағын көрсетеді. Одан ары түріктер мекені деп тұжырымдаған. Осылайша Каспий теңізінің солтүстігінен бастап батысы, оңтүстік-батысы және шығысына дейінгі алқабын қазіргі географиялық тұрғыда дұрыс шамалай білген.

Ибн Хаукал халифаттың біртұтас мемлекет ретінде ыдырап, аймақтық державалардың күшейген кезеңінде ғұмыр кешті. Алайда, оның кезеңі ислам өркениетінің дәурендеп тұрған кезі деп айтуға болады. Соның нәтижесінде ол кептеген елдерді аралап, өзінің саяхатын жасай алды. Мәселен, Ибн Хаукал 363/973 жылы Сицилия аралына барған, ол кезде бұл арал Фатимид халифатының провинциясы болған<sup>2</sup>. Саяхатшы аралдың географиясы мен рельефіне ғана қызықпаған, сонымен қатар оның тұрғындарын және олардың дәстүрлерін сипаттауға тырысқан. Сол тұрғыда ол сицилиялықтарды және олардың діни әдет-ғұрыптарын сынаған. Ол былай деп жазды: «Олардың бекіністерінде, шөлейт жерлерінде және ауылдарында тұратын көпшілік тұрғындары – «муша‘мидун». Олар мұсылман ерлердің христиан әйелдерімен некелерінен туғандар. Мұндай некеден туған ұл балалар әкесіне «муша‘мидун» деп тіркеледі (аралас некеден туған ұл балалар), ал қыздар аналарымен бірге христиан әйелдерге айналады. Олар намаз оқымайды, тазалық рәсімдерін орындамайды, садақа бермейді және қажылыққа бармайды. Кейбіреулері Рамазан айында ораза ұстайды, сол кезде «**жыныстық ластанудан (төсек қатынасынан)**» кейін жуынуды орындайды (Jäckh, 2020). Осы сынаудың өзінен автордың мұсылман мәдениеті мен шариғаттан білімі бар азамат екенін көрсетеді. Сондықтан мұсылмандық өнеге мен тәрбие оның еңбектерін көрініс тауып отырды. Бұдан бөлек, сол дәуірдегі араб Балхи мектебінің картографиялық үлгісі – геометриялық дәлдіктен гөрі, схемалық бейнелеуге басымдылық беретінін ескерсек, өз картасында теңізді дөңгелек немесе сопақша, төртбұрышты етіп бейнелеуі, өзендерді түзу немесе қатаң сызықтармен көрсетуі, ал өзеннің теңіз ішіне ендей кіруін бейнелеу арқылы нысанның «күйылу

нүктесін» ерекшелеп көрсетудің стильдік тәсілі болуы да мүмкін.

Ол кезеңдегі картографтардың көбі Арал теңізін жеке су айдыны ретінде емес, Каспийдің бір шығанағы немесе соған өте жақын жатқан «көл» деп есептеген. Ортадағы сызық өзендердің Каспийге жету жолындағы ортақ сағасын немесе екі өзен ағып келіп қосылатын ортақ дельталық аймақты бейнелеуі мүмкін. Тіпті Арал теңізінің символикалық шекарасы деп атауға да келеді.

### Қорытынды

Тарихи карталар – тарих пен географияны тоғыстырған маңызды әрі сенімді дереккөз ғана емес, уақыт пен кеңістікті зерттеу мен түсіндірудің негізгі құралдарының бірі. Ол халықтар мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тарихта христиан дүниесінің өзіндік картографиялық дәстүрі қалыптасқандай, ислам әлемінде де ерекше қолтаңбасы бар картография дамыды. Бұл, әсіресе, ортағасырлық мұсылман қоғамының географиялық кеңістікті қабылдауы мен дүниетанымын айқындайтын маңызды құбылыс ретінде көрініс тапты. Аталған карталар арқылы қазіргі зерттеушілер тарихи дәуірлердің географиялық жағдайын, саяси құрылымын, шаруашылығын және мәдениетін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік алады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ортағасырлық ислам картографиясының «алтын діңгегі» саналатын Балхи мектебінің қалыптасуы және оның көрнекті өкілі Ибн Хаукалдың географиялық мұрасы ерекше маңызға ие. Бұл ғылыми дәстүрдің бастауында Әбу Қасым Мұхаммед ибн Хурдадбех пен Қадама ибн Жафар әл-Катибтың еңбектері тұр. Аталған бағыт Әбу Зайд әл-Балхи мен Әбу Ысқақ әл-Истахридің еңбектерінде дамытылып, кейін Ибн Хаукал шығармашылығында жалғасын тапты. Осылайша, Ибн Хаукал еңбектерінде бірнеше буын ғалымдарының ғылыми сабақтастығы көрініс табады.

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» (BR24993132) тақырыбындағы бағдарламалық нысаналы гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

<sup>2</sup> 909–1171 жж. өмір сүрген орта ғасырлардағы Солтүстік Африка, Мысыр және Таяу Шығыс аймағында билік жүргізген қуатты шииттік мемлекет. Мемлекет аты Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима есімімен байланысты аталған. – *авт.*

**Авторлардың үлесі:**

*Қастер Сарқытқан* – концептуализация, бастапқы қолжазбаны жазу, деректерді жинау және өңдеу, кестелер, графиктер мен визуалды материалдарды дайындау. Үлес пайызы: 40%.

*Дүкен Мәсімханұлы* – концептуализация,

*қолжазбаны редакциялау және қайта қарау, ғылыми жетекшілік және зерттеуді үйлестіру. Үлес пайызы: 40%.*

*Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова* – техникалық бөліктер мен зерттеудің жалпы бағытын айқындау. Үлес пайызы: 20%.

**Әдебиеттер**

- Ахметзянов М.О. (2026). О некоторых письменных источниках по исторической географии Среднего Поволжья XI–XIII вв. – <http://tashlar.narod.ru/text/ahmetzanov-yuvari.htm>
- Бартольд, В. В. (1929). Очерк истории Туркменского народа. – Б.м. – С. 3–73.
- Демин В.Н. (2000). Загадки Урала и Сибири (от библейских времен до Екатерины Великой). – М.: Вече. – 544 с.
- Жуков Е.М. (1967). Новгород // Советская историческая энциклопедия. – Т. 10. – Стб. 264.
- Заходер Б.Н. (1962). Каспийский свод сведений о Восточной Европе. Горган и Поволжье в IX–X вв. – М.: Издательство восточной литературы. – 280 с.
- Крачковский И.Ю. (2004). Арабская географическая литература. – М.: Восточная литература. – 919 с.
- Қозыбаев М., Байпақов К., Алдажұманов К., Қошанов А. (2010). Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы: Атамұра, 2002. – Т. 1. – 765 с.
- Мокотина Д.В. (2008). Арса: Место на карте // Вестник Томского государственного университета. История. – № 2. – С. 5–17.
- Гизбулаев М.А. Арабские географы X в. ал-Истахри и Ибн Хаукаль о Кабк. Историография и источниковедение // Письменные памятники Востока. – 2022. – Т. 19. – № 4. – Вып. 51. – С. 93–105.
- Великий путешественник Ибн Хаукаль (2026). – <https://islam-today.ru/istoria/licnosti//19 апреля-2024>.
- Badri M. (2013). Abu Zayd al-Balkhi's Sustenance of the Soul: The Cognitive Behavior Therapy of a Ninth Century // Physician. International Institute of Islamic Thought (IIIT).
- Bosworth C.E. (1989). al-Masālik wa'l-Mamālik. In The Encyclopedia of Islam. – Vol. 6. – P. 639–640.
- Brauer R.W. (1992). Geography in the Medieval Muslim world: Seeking a basis for comparison of the development of the natural sciences in different cultures // Comparative Civilizations Review. – 26. – P. 1–110.
- De Goeje, M. J. (2019). Kitāb al-Masālik wa'l-Mamālik by Ibn Hawqal. Archive.org. – <http://archive.org/details/KitabAlMasalekWaAlMamalek.IbnHawkal>
- Jäckh, T. (2020) Ibn Ḥawqal on Christian-Muslim Marriages in Sicily // Transmediterranean History, 2 (1). – <https://doi.org/10.18148/tmh/2020.2.1.28>

**References**

- Akhmetzyanov M.O. (2026). O nekotorykh pis'mennykh istochnikakh po istoricheskoy geografii Srednego Povolzh'ya XI–XIII vv. [On some written sources on the historical geography of the Middle Volga region of the 11<sup>th</sup> – 13<sup>th</sup> centuries]– <http://tashlar.narod.ru/text/ahmetzanov-yuvari.htm>
- Bartold, V. V. (1929). Oчерк istorii Turkmenskogo naroda [An essay on the history of the Turkmen people]. – B.m. – S. 3–73.
- Demin V.N. (2000). Zagadki Urala i Sibiri (ot biblejskikh vremen do Ekateriny Velikoj) [Riddles of the Urals and Siberia (from biblical times to Catherine the Great)]. – M.: Veche. – 544 s.
- Zhukov E.M. (1967). Novgorod [Novgorod] // Sovetskaya istoricheskaya ehntsiklopediya. – T. 10. – Stb. 264.
- Zakhoder B.N. (1962). Kaspijskij svod svedenij o Vostochnoj Evrope. Gorgan i Povolzh'e v IX–X vv. [Caspian Collection of Information on Eastern Europe. Gorgan and the Volga Region in the 9<sup>th</sup>–10<sup>th</sup> Centuries]. – M.: Izdatelstvo vostochnoj literatury. – 280 s.
- Krachkovskij I.Yu. (2004). Arabskaya geograficheskaya literature [Arabic geographical literature]. – M.: Vostochnaya literatura. – 919 s.
- Kozybaev M., Bajpakov K., Aldazhumanov K., Koshanov A. (2010). Kazakstan tarikhy (kone zamannan buginge dejin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. – Almaty: Atamura, 2002. – T. 1. – 765 s.
- Mokotina D.V. (2008). Arsa: Mesto na karte [Arsa: Place on the map] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istorija. – № 2. – S. 5–17.
- Gizbulaev M.A. Arabskie geografyy X v. al-Istakhri i Ibn KHaukal' o Kabk. Istoriografiya i istochnikovedenie [Arab Geography of the 10<sup>th</sup> Century: Al-Istakhri and Ibn Khawqal on Kabk. Historiography and Source Studies] // Pis'mennyye pamyatniki Vostoka. – 2022. – T. 19. – № 4. – Vyp. 51. – С. 93–105.
- Velikij puteshhestvennik Ibn Khaukal' [The Great Traveler Ibn Khaukal] (2026). – <https://islam-today.ru/istoria/licnosti//19 aprelya-2024>.
- Badri M. (2013). Abu Zayd al-Balkhi's Sustenance of the Soul: The Cognitive Behavior Therapy of a Ninth Century // Physician. International Institute of Islamic Thought (IIIT).

Bosworth C.E. (1989). al-Masālik wa'l-Mamālik. In The Encyclopedia of Islam. – Vol. 6. – R. 639–640.

Brauer R.W. (1992). Geography in the Medieval Muslim world: Seeking a basis for comparison of the development of the natural sciences in different cultures // Comparative Civilizations Review. – 26. – R. 1–110.

De Goeje, M. J. (2019). Kitāb al-Masālik wa'l-Mamālik by Ibn Hawqal. Archive.org. – <http://archive.org/details/KitabAlMasalekWaAlMamalek.IbnHawkal>

Jäckh, T. (2020) Ibn Hawqal on Christian-Muslim Marriages in Sicily // Transmediterranean History, 2 (1). – <https://doi.org/10.18148/tmh/2020.2.1.28>

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Қастер Сарқытқан – география ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: kaster012@mail.ru).*

*Дүкен Мәсімханұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: masimkhan-63@mail.ru).*

*Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова – PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru).*

**Information about authors:**

*Kaster Sarkytkan – Candidate of Geographical Sciences, Leading Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kaster012@mail.ru).*

*Duken Masimkhanuly – Doctor of Philology, Professor, General Director of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan, e-mail: masimkhan-63@mail.ru).*

*Sagynysh Kopenkyzy Amirbekova – PhD, Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru).*

**Сведения об авторах:**

*Қастер Сарқытқан – кандидат географических наук, ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан, e-mail: kaster012@mail.ru).*

*Дүкен Мәсімханұлы – доктор филологических наук, профессор, генеральный директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан, e-mail: masimkhan-63@mail.ru).*

*Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова – PhD, научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан, e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru).*

*Келіп түсті: 8 ақпан 2026 жыл  
Қабылданды: 19 мамыр 2026 жыл*

A. Khavan\* , F. Zhumazhanova 

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: aidyngulk@gmail.com

## HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ANALYSIS OF THE MANUSCRIPTS AL-FARABI'S TREATISE "RISALA FI-S SIYASA"

The article aims to demonstrate the significance of studying the scholarly legacy of the thinker Abu Nasr al-Farabi through the methodological framework of source studies. It is well known that the philosopher's written heritage initially circulated throughout the world primarily in manuscript form. The scientific novelty of this research lies in the fact that, as a result of our study, nearly ten manuscript versions preserved in various world archives have been identified of the treatise *Risala fi-s Siyasa* (رسالة في السياسة), which was first recognized in the early twentieth century (1901) as part of Abu Nasr al-Farabi's written corpus within the field of global Farabi studies. These manuscripts are examined as independent research objects using innovative perspectives and methods of source studies, with particular attention paid to their historical and chronological characteristics.

One of the main objectives of the study is to demonstrate the importance of developing the source-studies approach within national Farabi studies. In this context, particular emphasis is placed on the necessity of training specialized scholars capable of working directly with the manuscript heritage of al-Farabi in its original form. When studying the written legacy of al-Farabi, it is essential to apply the methods and approaches of source studies in a comprehensive manner. This is due to the fact that a single treatise often exists in several manuscript copies preserved in different archival collections. These copies may differ in terms of their transmission history, preservation context, physical appearance, dating, textual content, as well as their codicological features and data. From this perspective, conducting a historical and chronological analysis of the manuscript versions of the treatise *Risala fi-s Siyasa* (رسالة في السياسة) significantly enhances the scholarly value of the research. As a result of the study, the scientific and methodological examination of the treatise *Risala fi-s Siyasa* is advanced through the application of methods such as collection, classification, description, analysis, systematization, as well as historical-chronological and codicological approaches. This makes it possible to clarify its historical-chronological, paleographic, and codicological characteristics.

**Keywords:** Abu Nasr al-Farabi, source studies, manuscript, *Risala fi-s Siyasa*, *al-Maw'iz'a* version, historical-chronological analysis.

А. Хаван\*, Ф. Жумажанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: aidyngulk@gmail.com

### Әбу Насыр әл-Фарабидің «Рисала фи-с Сиаса» (*Risala fi-s Siyasa*) трактатының қолжазбаларына тарихи-хронологиялық талдау

Мақала ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасын деректану ғылымының әдістері тұрғысынан зерттеудің маңыздылығын көрсетуді мақсат етеді. Ойшылдың жазба мұрасы ең алдымен қолжазба күйінде әлемге таралғаны белгілі. Зерттеудің жаңалығы ХХ ғасырдың басында (1901 ж.) әлемдік фарабитану ғылымына тұңғыш рет Әбу Насыр әл-Фарабидің жазба мұрасы ретінде танылған «*Рисала фи-с Сиаса*» (*Risala fi-s Siyasa*) (رسالة في السياسة) трактатының біздің ғылыми зерттеуіміздің нәтижесінде әлем мұрағаттарында сақтаулы онға жуық қолжазба нұсқаларының табылуы мен ол қолжазбалардың деректану ғылымының тың көзқарастары мен әдіс-тәсілдері арқылы зерттеу нысанына алынып, тарихи-хронологиялық реті анықталғанымен ерекшеленеді. Зерттеудің міндеті ретінде отандық фарабитану ғылымының деректанулық бағытын дамытудың маңыздылығын көрсету, ол үшін ойшыл әл-Фарабидің ғылыми мұрасын тікелей қолжазбадан оқи алатын арнайы мамандарды даярлаудың қажеттігі атап өтіледі.

Әл-Фарабидің жазба мұрасын зерттеуде деректану ғылымының әдіс-тәсілдері қатар жүруі маңызды. Себебі бір трактат бірнеше нұсқада көшіріліп, түрлі мұрағат қорларда сақталады. Ол нұсқалардың көшірілуі, сақталу ортасы, безендірілуі, уақыты, мәтіні, кодикологиялық ерекшеліктері мен кодикологиялық мәліметтері түрлі болып келеді. Осы тұрғыдан келгенде «*Рисала фи-с Сиаса*» (*Risala fi-s Siyasa*) трактатының қолжазба нұсқаларына тарихи-

хронологиялық талдау жасау зерттеудің ғылыми құндылығын арттыра түседі. Зерттеудің нәтижесі ретінде *жинау, сұрыптау, сипаттау, талдау, жүйелеу, тарихи-хронологиялық, кодикологиялық* зерттеу әдістері арқылы «*Рисала фи-с Сиаса*» (*Risala fi-s Siyasa*) трактатының ғылыми-әдістемелік жағынан зерттелуін жетілдіріп, тарихи-хронологиялық, палеографиялық және кодикологиялық мәліметтері айқындалады.

**Түйін сөздер:** Әбу Насыр әл-Фараби, деректану, қолжазба, «*Рисала фи-с Сиаса*» трактаты, «*Әл-Мау'иза*» нұсқасы, тарихи-хронологиялық талдау.

А. Хаван\*, Ф. Жумажанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: aidyngulk@gmail.com

### Историко-хронологический анализ рукописей трактата Абу Насра аль-Фараби «Рисала фи-с Сиаса» (*Risala fi-s Siyasa*)

Статья направлена на выявление значимости изучения научного наследия мыслителя Абу Насра аль-Фараби с позиций методов источниковедения. Известно, что письменное наследие философа изначально распространялось в мире преимущественно в рукописной форме. Научная новизна исследования заключается в том, что в результате проведенной работы в мировых архивных собраниях было выявлено около десяти рукописных версий трактата «*Рисала фи-с Сиаса*» (*Risala fi-s Siyasa*) (رسالة في السياسة), который в начале XX века (1901 г.) впервые был признан в рамках мировой фарабиведческой науки как часть письменного наследия Абу Насра аль-Фараби. Указанные рукописи были введены в научный оборот и рассмотрены как объекты исследования с использованием новых подходов и методов источниковедения, что позволило охарактеризовать их историко-хронологические особенности.

В качестве одной из задач исследования обозначается выявление значимости развития источниковедческого направления в отечественном фарабиведении. В этой связи подчеркивается необходимость подготовки специализированных кадров, способных работать с научным наследием аль-Фараби непосредственно по рукописным источникам. При изучении письменного наследия аль-Фараби особое значение имеет комплексное применение методов источниковедения. Это обусловлено тем, что один и тот же трактат нередко существует в нескольких рукописных версиях, хранящихся в различных архивных фондах. Эти версии различаются условиями переписывания и сохранности, временем создания, оформлением, текстологическими особенностями, а также кодикологическими характеристиками и данными. В этом контексте проведение историко-хронологического анализа рукописных версий трактата «*Рисала фи-с Сиаса*» существенно повышает научную ценность исследования. В качестве результата исследования посредством методов сбора, отбора, описания, анализа, систематизации, а также историко-хронологического и кодикологического анализа совершенствуется научно-методологическое изучение трактата «*Рисала фи-с Сиаса*», уточняются его историко-хронологические, палеографические и кодикологические характеристики.

**Ключевые слова:** Абу Наср аль-Фараби, источниковедение, рукопись, трактат «*Рисала фи-с Сиаса*», версия «*Аль-Мау'иза*», историко-хронологический анализ.

## Introduction

The scholarly legacy of Abu Nasr al-Farabi, known as the "Second Teacher", was disseminated throughout the world in manuscript form, and numerous copies of his works are still preserved in archives across the globe. In global Farabi studies, the total number of al-Farabi's treatises is estimated to reach up to two hundred. However, current Farabi studies indicate that only about fifty of the thinker's works are actually in scholarly circulation today. This demonstrates the need for a systematic study of al-Farabi's intellectual heritage. Moreover, some of al-Farabi's treatises that have already

gained recognition worldwide remain insufficiently addressed in national Farabi studies. Born and raised in Otrar, Abu Nasr al-Farabi made a significant contribution to the development of medieval Muslim civilization. The identification, collection, classification, and scholarly description of manuscript copies of his works, the conduct of historical and chronological analysis, the presentation of paleographic and codicological data, as well as the direct translation of his treatises from the original manuscripts in order to clearly define ideas and views that were interpreted differently during the Soviet period, constitute fundamental research efforts aimed at restoring

overlooked aspects of national history. This direction remains a sphere of national Farabi studies that has not yet been systematically developed.

### Research methods and materials

